

БӨЛІМ: ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Ұлттық құндылықтар - тәрбиенің түп қазығы

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.04.2021СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/93323/

Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға

арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының 9 «Ә» сынып тәрбиешісі Ағадилова Бақыткүл Берқалиқызы

Тәрбие сағаты. Ұлттық құндылықтар - тәрбиенің түп қазығы

Шәкірттерге ата-бабамыздан қалған шешендік сөздер, салт-дәстүр, ырым мен тиым сөздерді насихаттау мақсатында тәрбие сағаты жоспарын ұсынып отырмыз.

Тақырыбы: Ұлттық құндылықтар - тәрбиенің түп қазығы.

Мақсаты: Оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар — біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру.

Көрнекілігі: қанатты сөздер, қолөнер бұйымдары, слайд, шарлар.

Түрі: танымдық кеш

Әдісі: сұрақ— жауап, пікірлесу. («Таң қалмаңыз» телебағдарламасы желісінде өтеді)

Барысы:

1. Ұйымдастыру

Шаттық шеңбері

Ой толғаныс.

— Құндылық дегеніміз не?

Оқушылар өз ойларын айтады.

Бейнеролик көрсету

Мұғалімнің кіріспе сөзі

Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Оқушы санасына ұлттық құндылықтарды сіңірудің тағы бір жолы - халық ауыз әдебиетінде жатқандығы белгілі. Өйткені жасынан ертегі, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер, шешендік сөздер мен

батырлар жырларын, жыраулар шығармаларын оқып, жаттап, маңызды да, құнды тұнығына қанып өскен баланың бойында еліне, жеріне, халқына адамзатқа деген сүйіспеншілігі арта отырып, ұлтжанды, намысқой, арлы азамат қалыптасады. Ендеше сөздердің назарларыңызға 9ә сынып оқушыларының «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» тақырыбында ашық тәрбие сағатын ұсынамыз. Тәрбие сағатының мақсаты: оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар – біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру.

Кешті екі жүргізуші бастайды.

Жүргізушілер ортаға шығады.

Ерлан:—Армысыздар, құрметті оқушылар, ардақтыұстаздар! Бүгінгі «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» атты тәрбие сағатымызғақош келдіңіздер! Менің елім — Қазақстан! Бұл әрбір дала перзентінің көкірегінде мақтанышпен айтатын сөзі.

Назерке:—Елбасымыз:«Еліңнің ұлы болсаң, еліңжаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтыңұлттық мемлекетінің нығайып көркеюі жолындажан теріңді аянбай жүріп еңбек ет. Жердің де, елдіңде иесі екеніңді ұмытпа» деген болатын. Расындада, болашақта өз елінің қожасы да, иесі де – бізболамыз.

Ерлан:— «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтыныңарасында өз ұлты үшін қызмет қылатынболғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлттәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті» деп МағжанЖұмабаев атамыз жазғандай, бүгінгі оқушы – егеменді еліміздің ертеңгі болашағы екенінескерсек, «осы балалардан қоғамның тұлғасы боларбілімді, тәрбиелі, мәдениетті, ұлтжанды азаматтаршыға қояр ма екен? » деген ой көпшілігіміздітолғандырады.

Назерке:

—Дұрыс айтасың, Ерлан. Себебі, тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне байланысты. Өйткені әрбір халықұрпағымен көктеп, өркен жаяды. Әрбір мемлекет рухы таза, санасы биік, білімді де, білікті ұрпағынан қуат алады.

Сондықтан қатардағы пендені нағызтолыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттыққұндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызызор.

Ерлан:—Бүгінгі біздің тәрбие сағатымыз «Таңқалмаңыз» телебағдарламасы желісінде өтеді.

Назерке: Иа, Ерлан, ендеше болашақ ел тұтқаларын ортамызға шақырайық. «Жырдуманның» қонақтарын қарсы алайық. Келіңіздер, төрден орын алыңыздар. Тіл тарихы – ел тарихы, тіл тағдыры – ел тағдыры. Себебі, еліміз бен тіліміз болашақ үшін

бірнеше тарихи бұралаңдар мен шатқалдардан адаспай, сүрінбей, ақыры мақсатына жетті деп жатамыз. Сіздердің тілге деген көзқарастарыңыз қандай?

Қарақат жауап береді.

Назерке:

Бүгінгі «Жыр думанға» жырдан шашу шашсаңыз, нұр үстіне нұр болар еді.

Ортаға «Жыр думанның» қонақтары шығады. Олар кезекпен өлеңдерін оқиды.

Қарақат: Мен қазақпын, биікпін байтақ елмін

Қайта тудым, өмірге қайта келдім

Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске

Айта бергім келеді, айта бергім.

Нұрдәулет: Көк байрағым, ар-намысым жігерім,

Әнұраным қайрат күшім тірегім.

Елтаңба бүкіл елдің тарихы,

Тұрмыс салтым, тағы сонда білемін.

Бекарыс: Тілім барда қазағым бар, халқым бар,

Дәстүрім бар, ата – жолы салтым бар.

Кең даладай жиналмаған шалғайы,

Аңқау, ашық мінезім бар аңқылдақ.

Қамарсұлу, Нұрсұлтан арнау.

Назерке:-Рахмет сіздерге. Жырдан шашу шаштыңыздар. Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрлері, ырымдары көп. Қазақ «қазақ» деген атпен осы күнге дейін қазақи салт-дәстүрлерімен, ырымдарымен, той-мереке, тағы басқа жол-жосындарымен талай елді таңқалдырып келеді. Ата-бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңғыртып, қайта жаңарту ендігі болашақ ұрпақтың өз қолында. Қазақтың салт-дәстүрлеріне шолу жасасақ.

Жанбота, Сабрина, Әділет ұмытылып бара жатқан.

Ерлан:-Рахмет. Келесі қонақтарға қояр сұрағым бар. Ұлтымыздан, ата-бабамыздан бізге не қалған? Ата-бабамыз қандай сандарды киелі санаған деп ойлайсыңдар?

Оқушылар:—3,5,7 сандарын киелі санаған.

Ерлан:—Ендеше, осы сандар туралы не білемізекен? Қане, айтып көрейік.

Батырхан:

Сырым Датұлының айтуы бойынша үш көз:

Су анасы – бұлақ

Жол анасы – тұяқ

Сөз анасы –құлақ

Әйгерім: Әнет Бабаның айтуы бойынша үш арсыз:

Ұйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз.

Фариза: Үш қуаныш: 1.Алғыс алу. 2. Өзіңді көптің іздеуі. 3. Ісіңнің өшпеуі

Үш тәтті Қалаулы

1. Жан тәтті

2. Мал тәтті

3. Жар тәтті

Бексұлтан:

Бес қару: Айбалта, найза, қылыш, садақ, мылтық.

Сымбат:

Абай атамыздың «Ғылым таппай мақтанба»өлеңінен мысал келтіретін болсам:

Бес ақыл, бес дұшпан

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге қашық бол,

Адам болам десеңіз...

Еріншек, бекер мал шашпақ—

Бес дұшпаның білсеңіз

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой—

Бес асыл іс көнсеңіз.

Жансая:

Жеті жетекші:

Адамның басшысы – ақыл

Жетекшісі – талап

Жолаушысы – ой

Жолдасы – кәсіп

Қорғаны – сабыр

Қорғаушысы – мінез

Сынаушысы – халық

Дамира өз жеті атасын айтады

Ақбота:

Жеті қазына:

Ер жігіт

Сұлу әйел

Ақыл, білім.

Жүйрік ат

Қыран бүркіт

Берен мылтық

Құмай тазы (ит)

Әдемі:

Жеті жетім:

Тыңдамаған сөз жетім,

Киюсіз тозған бөз жетім,

Иесіз қалған жер жетім,

Басшысы жоқ ел жетім,

Аққу-қазсыз көл жетім,

Жерінен айырылған ер жетім,

Замандасы қалмаса сол жетім.

Назерке:-Рахмет сіздерге, бізге көптеген мағлұматтар бердіңіз. Енді ортамызға «Сән

думан» қонақтарын шақырамыз. Бүгін бізде қонақта екіқолынан өнер тамған, Жолымберген Жазира Орынбекқызы. (Ұлттық киімдер видео)

Ерлан:—Міне, қандай жарасымды. Біз ұлттық киімдерімізді тек мереке уақытында ғана кимей, басқа уақытта да ұлттық нақыштағы киімдерді киіп жүруді неге дәстүрге айналдырмасқа?! Сондай-ақ өзіміздің ұлттық сусындарымызды, дәстүрлерімізді насихаттауымыз керек. Мәселен, кока-кола сынды зиянды сусындардың орнына ұлттық қымызымызды қолданбасқа. Дамир мырза, сізде осы тұрғыдан қандай ойлар бар?,

Дамир:—Шынымен де қазір көп балалар «Қандай сусынды жақсы көресің?» деп сұрасаң, Кола, Пепси, Спрайт деп жауап береді. Ал Кока-коланың адам ағзасына зиян екендігін білмейді. Кока-коланың құрамындағы ортофосфор қышқылы адамағзасындағы кальций тапшылығына әкеледі.

Ал, қымыз — ауруға ем. Қымызбен туберкулез ауруын емдеген, әрі адам ағзасына жақсы әсеретеді. Дәрумені мол. Қымыздың құрамында: А және С, Д, Е, F, B 1, B 12 дәрумендері бар.

Ерлан:-Рахмет айтамыз саған Даурен. Сен бізгекөп мәлімет бердің. Ендеше, жоғарыда көрсетілген«Кока - Кола мен Қымыз» сусынының пайдасымен зиянын ажырату балалар мен ата-аналардыңтаңдауында.

Назерке:-Табиғаттың тебіренген, қуанған шағыныңперзенті — әнші десек, сол перзенттің иесі де, іздеушісі де халқы. «Ән көңілдің ажары десек» кәусар сезім мен тояттамас көңіл, шалқығаншаттық пен мұңға тұңған махаббат, буырқанғаншабыт пен сабырға көнбес сағынышты да осы әннен табасыз. Думанымыздың келесі айдары «Әндуман». «Ән думанның» қонақтарын қарсы алайық.

Бегімай:—Ұлы ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағызқазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» дегенсөзінің зор мәні бар. Мұндай тұжырымныңастарында қазақтың осынау киелі аспабынқұрметтемеген, домбыра үніне елтімеген адамдақазақы қасиет жоқ деген ой жатыр. Мұндай жайттыөмірден көріп-біліп, ұшырастырып та жүрміз. Домбыраны қастерлеп әр үйдің төріне іліп қойған.

Домбырамен орындалатын күй – арқаны қоздырып, рух беретін, бірде сайын даланы шарлатса, ендібірде сағыныш лебі ескен самалдай болады.

Ерлан:—Нағыз қазақтығымызды танытатын керемет бір күй шертіп берсеңіз.

Әділет:-Ендеше, біз сіздерге Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғауы» күйін орындап берейік. Қабылалыңыздар.

Назерке:—Қандай тамаша! Күйден кейін одан сайын шабытым ашылып кеткендей болды ғой! Дегенмен де, біз қанша қалап тұрсақ та, уақыт бізбен санаспайды. Сонда да бір қазақ болғасын, ұлттық құндылық десе, тоқтап қалмаймыз ғой, шіркін! Ендеше қорытынды ретінде бірнеше мақал-мәтелдерді тауып көрсеңіздер.

- *Туған жердің қадірін(шетте жүргенде білесің),
- * Намысы бар жігіттің.....(нар күшіндей күші бар),
- * Талабы жоқ жас —(қанаты жоқ құс),
- * Ақылды өзінен көреді.....(ақылсыз ағайыннан көреді),
- * Жақсының айтқаны келмейді.....(жаманың сандырағы келеді).

Назерке:

—Жарайсыздар! Біздің сүйсініп, тоқтай алмай айтатын тақырыбымыз, ұлттық құндылықтар,жерді қанша айналып шақсақ та, одан артық алтын діңгек таба алмайтынымыз тайға таңба басқандай анық. Ұлттық құндылықтарымыз жоғалса, біз де тарих сахнасынан кетеміз. Бұл тақырыпта айлар бойы талқылап, шаршамаймыз ғой! Осымен біздің уақытымыз аяқталды. Сау болыңыздар! Тек ұлттық құндылықтарымыздың тәрбиенің түп қазығы екенін ұмытпаңыздар және әрбір жерде бұл асыл құндылықтарды әрдайым насихаттап жүріңіздер!

Бақыткүл апай: Міне, балалар біз тәрбие алатын ұлтымыздың ата-бабамыздан қалған шешендік сөздері, салт-дәстүрі, ырым, тиым сөздері өте көп. Олардың барлығын бір тәрбиесағатында айтып бітіру мүмкін емес. Әлі де оқып білмегенімізді толықтырамыз! ХХІ ғасыразаматының бойында өркениетті өміргеталпынатын, ата-баба дәстүрінжалғастыратын, кіндік қамы тамған туғанжерін, асқақтаған көк тулы Отанын сүйетін, үлкен-кішіге мейірімді, ізетті, текті, дені сау азамат және азаматша болып өсулеріне тілектеспін!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.